

## 2014-2016 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2013 жылғы 12 желтоқсандағы № 23/195 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 28 желтоқсанда № 2329 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексiне, «Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттiк басқару және өзiн-өзi басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына және Маңғыстау облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 13/188 «2014-2016 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешiмiне (нормативтiк құқықтық актiлердiң мемлекеттiк тiркеу Тiзiлiмiнде № 2323 болып тiркелген) сәйкес, қалалық м ә с л и х а т

### Ш Е Ш І М

### Е Т Т І :

1. 2014-2016 жылдарға арналған қалалық бюджет қосымшаға сәйкес бекітілсін, оның ішінде 2014 жылға келесідей көлемдерде:
  - 1) кірістер – 17 891 471 мың теңге, оның ішінде:
    - салықтық түсімдер бойынша – 11 699 638 мың теңге;
    - салықтық емес түсімдер бойынша – 187 062 мың теңге;
  - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 30 108 мың теңге;
  - трансферттер түсімдері бойынша – 5 974 663 мың теңге;
  - 2) шығындар – 18 383 515 мың теңге;
  - 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:
    - бюджеттік кредиттер - 0 теңге;
    - бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;
  - 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:
    - қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;
    - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 теңге;
  - 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 492 045 мың теңге;
  - 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 492 045 мың т е ң г е .

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 24.11.2014 № 34/267 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. 2014 жылға қала бюджетінің кірістерді бөлу нормативтері мына мөлшерде белгіленсін :

- 1) төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы –  
5 0 , 4 п а й ы з ;
- 2) төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы –  
1 0 0 п а й ы з ;
- 3) төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын  
жеке табыс салығы – 1 0 0 п а й ы з ;
- 4) төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын  
жеке табыс салығы – 1 0 0 п а й ы з ;
- 5) әлеуметтік салық – 5 0,4 п а й ы з .

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 24.11.2014 № 34/267 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3. 2014 жылға арналған қалалық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер және кредиттер көзделгені ескерілсін, олардың қолдану тәртібі қала әкімдігінің қаулысының негізінде анықталады:

мектепке дейінгі білім ұйымдарында білім алу мемлекеттік тапсырысты іске асыру;  
негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыру;  
үшденгейлік жүйе бойынша біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақыны арттыру;  
Жұмыспен қамту-2020 бағдарламасы шеңберінде еңбекақыны ішінара субсидиялау;  
Жұмыспен қамту-2020 бағдарламасы шеңберінде жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету;  
Жұмыспен қамту-2020 бағдарламасы шеңберінде жастар тәжірибесі;  
Жұмыспен қамту-2020 бағдарламасы шеңберінде кадрдың біліктілігін арттыру және қайта даярлау;  
Жаңаөзен қаласында кәсіпкерлікті қолдау;  
Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде жобаларды іске асыру үшін кредиттер бойынша пайыздық ставканы субсидиялау;  
Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде жаңа өндірістерді дамытуға гранттар беру;  
Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде моноқалаларды ағымдағы жайластыру;  
Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру;  
Моноқалалардағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру.  
«Жұмыспен қамту 2020 Жол картасы» бағдарламасы шеңберінде кадрдың кәсіби біліктілігін арттыру;

2014 жылдың 1 сәуірінен бастап жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік кәсіпорындар қызметкерлері, сондай-ақ мемлекеттік мекеменің мемлекеттік қызметкерлері болып табылмайтын қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін 10 пайыз көлемінде ай сайынғы үстеме ақы төлеу.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 15.09.2014 № 32/254 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4. 2014 жылға арналған қалалық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері көзделгені ескерілсін, олардың қолдану тәртібі қала әкімдігінің қаулысының негізінде анықталады:

білім объектілерін дамыту;  
сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту;  
коммуналдық шаруашылығын дамыту;  
жылу-энергетикалық жүйені дамыту;

моноқалаларды дамытудың 2012 - 2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру.

5. Құқық беруге:

1) біржолғы әлеуметтік көмек: мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына, қалалық мәслихаттың шешіміне сәйкес;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелері мен атаулы күндер құрметіне біржолғы әлеуметтік көмек: Наурыз мерекесіне (22 наурыз):

«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көп балалы аналарға 2 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

Ұлы Жеңіс күніне (9 мамыр): Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 100 000 теңге көлемінде;

Жеңілдіктері мен кепілдіктері жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға 60 000 теңге көлемінде;

жеңілдіктері мен кепілдіктері жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген тұлғаларға 50 000 теңге көлемінде;

Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза болған ардагерлерінің қайта тұрмыс құрмаған жесірлеріне 40 000 теңге көлемінде;

Ұлы Отан соғысы кезіндегі қажырлы еңбегі үшін орден, медальдарімен марапатталған және де марапатталмаған, 1941 жылғы 22 маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр аралығында алты айдан кем емес жұмыс істегендер (қызмет еткендер) және тыл еңбеккерлеріне 10 000 теңге көлемінде;

1988-1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға

қатысқандарға 20 000 теңге көлемінде;

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілгендердің басқа да санаттарының адамдарына 10 000 теңге көлемінде;

Конституция күніне (30 тамыз):

асыраушысынан айырылу жағдайына байланысты мемлекеттік арнаулы жәрдем ақы алушыларға (балаларға) 8 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

Қазақстан Республикасы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған тұлғаларға 60 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

Маңғыстау облысы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін дербес зейнетақы тағайындалған тұлғаларға 36 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

Мүгедектер күніне (6 қазан):

I, II, III топтағы мүгедектер, 16 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар және 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға 5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

Қарттар күніне (1 қазан):

жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар және 70 жастан жоғары зейнеткерлерге 2 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

3) жалпы білім беру мектептердің түлектеріне Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоғары оқу орындарында оқу ақысын және ай сайынғы шәкіртақысын төлеу үшін әлеуметтік көмек;

4) 18 жасқа дейінгі үйде оқитын мүгедек балаларға ай сайын 5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

5) тоқсан сайынғы әлеуметтік көмек:

мүгедектігіне байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар өтініш жасаған айынан бастап ай сайын 0,5 айлық есептік көрсеткіштен кем емес көлемінде;

6) мемлекеттік зейнетақы, жәрдемақы берілмеген кезде әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы: онкологиялық, мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шыққандарға, иммун тапшылығы вирусын жұқтырған тұлғаларға, табыстарын есепке алмай жылына бір рет 26 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

7) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан зиян келтірілген тұлғаларға табысы есепке алмай әлеуметтік көмек, өмірлік қиын жағдай туындаған кезден бастап 6 айдан кешіктірілмей жылына бір рет 50 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

8) ауылды елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға 12 100 теңге көлемінде әлеуметтік көмекке;

9) ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласының азаматтық қызметшілеріне бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің жалақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда

кемінде жиырма бес процентке жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкалар белгіленсін.

10) алынып тасталды - Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 24.11.2014 № 34/267 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 06.05.2014 №27/230(жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6. Жергілікті атқарушы органның резерві қоры 26 154 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 06.05.2014 №27/230(жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7. 4-қосымшаға сәйкес бюджеттік бағдарламаларға бөлінген, бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға бағытталған 2014 жылға арналған қалалық бюджеттің бюджеттік даму бағдарламалардың тізбесі бекітілсін.

8. 5-қосымшаға сәйкес 2014 жылға арналған қалалық бюджетті арқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын бюджеттік бағдарламаның тізбесі бекітілсін.

9. 6-қосымшаға сәйкес 2014 жылға арналған әрбір кенттің, ауылдың, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламалардың тізбесі бекітілсін.

10. Осы шешім 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

I. Кеңесов

Мәслихат хатшысы

Қ а л а л ы қ

С. Мыңбай

« К Е Л І С І Л Д І »

«Жаңаөзен қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы

Н . Ф ұ м а р о в а

1 2 д е к а б р я 2 0 1 3 ж ы л .

Қалалық мәслихаттың 2013 жылғы  
12 желтоқсандағы № 23/195 шешіміне  
1 қосымша

## 2014 жылға арналған қалалық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 24.11.2014 № 34/267 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Сан	Сын	Кіші Сын	Атауы	Сомасы, мың тенге
1			2	3
			1. КІРІСТЕР	17 891 471
1			Салықтық түсімдер	11 699 638
	01		Табыс салығы	5 225 919
		2	Жеке табыс салығы	5 225 919
	03		Әлеуметтік салық	4 693 553
		1	Әлеуметтік салық	4 693 553
	04		Меншікке салынатын салықтар	1 496 587
		1	Мүлікке салынатын салықтар	1 180 184
		3	Жер салығы	29 309
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	287 076
		5	Бірыңғай жер салығы	18
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	251 715
		2	Акциздер	7 746
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	210 086
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	30 723
		5	Ойын бизнесіне салық	3 160
	07		Басқа да салықтар	20
		1	Басқа да салықтар	20
	08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	31 843
		1	Мемлекеттік баж	31 843
2			Салықтық емес түсімдер	187 062
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	30 128
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	30 128
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	5

		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	5
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	145 039
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	145 039
	06		Өзге де салықтық емес түсімдер	11 890
		1	Өзге де салықтық емес түсімдер	11 890
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	30 108
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	8 900
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	8 900
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	21 208
		1	Жерді сату	18 398
		2	Материалдық емес активтерді сату	2 810
4			Трансферттердің түсімдері	5974663
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	5974663
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	5974663
Ф.топ	Әкімші	Бағ	Атауы	Сомасы, мың тенге
1			2	3
			2. ШЫҒЫНДАР	18 383 515
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	421 020
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	24 639

		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	22 556
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 083
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	120 773
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	108 613
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	9 330
		009	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	2 830
			Теңге селосы әкімінің аппараты	33 405
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	33 405
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	28 777
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	728
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	3 900
			Қызылсай селосы әкімінің аппараты	29 434
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	29 434
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	25 150
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	384
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	3 900
			Рахат кенті әкімінің аппараты	22 329
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	22 329
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	22 022



		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	307
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	32 676
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23 923
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	2 228
		011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	6 350
		018	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	175
	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	20 538
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20 538
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	137 226
		040	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	137 226
02			Қорғаныс	14 227
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	14 227
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	14 227
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	42 269
	485		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	42 269
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	42 269
04			Білім беру	7 657 565
			Теңге селосы әкімінің аппараты	161 617
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	161 617

		004	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	81 604
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	80 013
			Қызылсай селосы әкімінің аппараты	40 488
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	40 488
		004	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	40 488
			Рахат кенті әкімінің аппараты	194 629
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	194 629
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	194 629
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	6 019 347
		009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	452 412
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	612 359
		003	Жалпы білім беру	3 663 547
		006	Балаларға қосымша білім беру	167 506
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	41 369
		012	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 215
		004	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	44 421
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	84 855
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	0
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға	21 811

			қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	926 852
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	1 241 484
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1 241 484
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	802 221
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	801 743
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	348 840
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	11 677
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	34 390
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	2 659
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	292 277
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	8 039
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	18 748
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	12 867
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	14 998
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	48 426
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1 926

		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 896
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	0
		008	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқытындар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау	0
	485		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	478
		050	Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	478
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	4 695684
			Теңге селосы әкімінің аппараты	4 652
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	4 652
		027	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	4 652
			Қызылсай селосы әкімінің аппараты	4 392
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	4 392
		027	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	4 392
			Рахат кенті әкімінің аппараты	33 682
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	33 682
		027	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	33 682
	487		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекция бөлімі	2 031714
		001	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй қоры саласында	17 737

		жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер	
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 816
	006	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	27 000
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	545274
	029	Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	66 889
	016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	32 000
	017	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	755 336
	025	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	122 290
	030	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	462 260
	031	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	112
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	2 550 433
	003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу	306 400
	004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	741 359
	005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	358 136
	006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	1 144 538
		Теңге селосы әкімінің аппараты	46 459
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	46 459
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	9 178
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	26 115
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	11 166
		Қызылсай селосы әкімінің аппараты	24 352
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	24 352

		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	3 346
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	11 836
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	9 170
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	595 945
			Теңге селосы әкімінің аппараты	22 206
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	22 206
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	22 206
			Қызылсай селосы әкімінің аппараты	24 818
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	24 818
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	24 818
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	166 338
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	109 970
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	31 239
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23 529
		010	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	365
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1 235
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	82 399
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 697
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	51 162
		005	Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер	21 540

		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	181 091
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 385
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 770
		005	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	131 458
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	10 039
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	18 971
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	7 468
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	119 093
		011	Мәдениет объектілерін дамыту	29 024
		008	Спорт объектілерін дамыту	90 069
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	1 364 080
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	1 364 080
		009	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	1 364 080
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	42 206
	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	1 436
		099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	1 436
	474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	23 977
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария	9 895

			саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
		005	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	4 552
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	6 078
		012	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	3 452
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	11 759
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 759
	474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	3 034
		013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	3 034
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	2 000
		010	Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	2 000
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	45 350
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	30 309
		001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	29 681
		017	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	628
	468		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	15 041
		001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 878
		003	Аудан аумағында қала құрылысын дамыту схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	4 000
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	163
12			Көлік және коммуникация	1 082 095



	485		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 082 095
		022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	1 023 371
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	44 891
		001	Жергілікті деңгейде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 803
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 030
13			Басқалар	1 612 099
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	25 335
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	24 877
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	458
			Теңге селосы әкімінің аппараты	67 095
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	67 095
		040	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	67 095
			Қызылсай селосы әкімінің аппараты	170 306
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	170 306
		040	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	170 306
			Рахат кенті әкімінің аппараты	68 512
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	68 512
		040	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	68 512
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	26 154

		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	26 154
	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	0
